

## ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2015



## Мазмұны

### Кіріспе

1. Бакалавр дәрежесін алуға арналған білім гранттарының бағдарламасы
2. Мүгедектігі бар жастарға арналған білім гранттары
3. Кентау қаласындағы №16 мектебіне қолдау көрсету
4. Біздің түлектер
5. Стипендиаттар клубы
6. Біздің жетістіктеріміз
7. Қаржылық есеп

Мекен-жайымыз

Құрметті оқырмандар!

Алдарыңызға Қорымыздың кезекті жылдық есеп беруің ұсынамыз. Осы есепте біз 2015 жылы өткізілген барлық маңызды оқиғалар мен еңбегіміздің жемістерін көрсетуге тырыстық. Өткен жылы түлектеріміздің атынан бірінші рет грант берілгені туралы ерекше атап өткіміз келеді. Мектеп, колледж және балалар үйінің дітірушілеріне грант бөлу бағдарламасы бойынша түлектеріміз Қордың ойын қолдап 2013 жылдан бастап қайырымдылық жарналарын жасады. Екі жыл ішінде грант бөлуге керекті ақша мөлшері жиналып, 2015 жылы Ержан Тәтішев атындағы Қор түлектері Клубының атынан бірінші грант тапсыруға шешім қабылданды. Грант иегерлерінің арасында бұл игі істі дәстүрге айналдырылып, мемлекетіміздің алдыңғы қатарын ұстайтын, жанашыр және жауапты жастарды өсіруге орасан зор үлес қосады.

Қор міндеті – халықаралық дәрежеде қаржы кәсіпқойларынан тұратын беткеұстарлар жастарды өсіріп, Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуына қол жеткізу. Қозам ішінде оң бейнелі болу, әріптестерімізден өнегелі қарым-қатынас жасау, қазғдалары мен құндылықтарын ұғыну, қозамның қажеттіліктерімен жанасу және мемлекеттік мақсаттармен тұтас болу Қордың үкіметтік емес ұйымдар арасында жүріп жасаван тірлігіміз керекті, үйлесімді және дер кезінде жасалатынына сенеміз. Нәтижелі жұмыс жасау барысында серіктестеріміз ден қоршаван ортамыздың үлесі зор. Біз ақылды тәлімгерлік үшін Қор Құрылтайшылар мен Қамқоршы Кеңесімізге, ынтымақтастығымыз үшін сенімді серіктестерімізге: КИМЭП университетіне, Алматы Менеджмент Университетіне және Сулейман Демирел атындағы Университетіне алғыс айтамыз, құндылықтарымыз ден мәдениетімізді құрметтегені үшін біздің стипендиаттарымыз ден түлектерімізге де рахмет. Осының бәрі Қордың бірігейлігін сақтауға көмектеседі.

Құрылған уақыттан бастап қазіргі таңға дейін біз әлеуметтік жауапкершілік, тұрақтылық, нәтижелік, жоғары сапа, ашықтық, адалдық пен игі тәжіриде секілді негізгі құндылықтарды ұстануға ұмтыламыз. Біз үшін кез-келген стипендиат жай вана грант иегері емес. Біз олардың жетістіктері мен сәтсіздіктерінің, самған сүрінгендерінің, өсіп иегінулерінің куәгері болып отырмыз. Түнілусіз де болмайды, бірақ осының барлығы біздің тәжірибиеміздің молаюына көмектеседі. Грантты игеру барысында стипендиаттардың алдына қойылған жоғары талаптар олардың арасынан ең дарынды, кеудемсоқ және үміт артуға тұрарлық жастарды іріктеп алуға көмектеседі және сол адамдар Ержан Тәтішевтің нағыз ерушілеріне айналып, Қазақстанның шарықтауына жеткізетін қозғаушы күшіне айналатынына сенеміз.

Құрметпен,  
Қор Президенті  
Дана Жарықова



## Кіріспе

Ержан Нұрелдайымұлы Тәтішев Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат деген шағын ауылда бас дәрігер мен физика мұғалімінің қарапайым отбасында дүниеге келді. Туған жерінде білім алған Ержан Мәскеулік университетті тәмамдап, «Мадина» атты шағын кәсіпорнында еңбек жолын бастады. Бала кезінен-ақ қайсар мінезімен танылған Ержан бойындағы бар қабілетін «Астана Холдинг» мекемесінің, ал кейіннен сол уақытта екінші деңгейлі банктердің ішіндегі ірі болып саналатын «Казкоммерцбанк» АҚ мен «ТұранӘлем Банкілерінің» тізгінін ұстап, алға тартты.



Оның икемді әрі кәсіби басшылық етуі үлкен құрылымдық өзгерістерді әкелді, соның ішінде Тұран және Әлем банкілерінің қосылуы да болды. Серіктестермен қарым-қатынас жасаудың заманауи құралдары ойлап табылды, клиенттік базамен жұмыс істеуге қажетті жаңа қызмет түрлері жүзеге асырылды. Біртума әрі алғыр жұмыс тәсілдері, жұмыскерлер алдына қойылған жоғары талаптар Банкті алдыңғы шепке жылжытып қана қоймай, екінші деңгейлі банктердің қызметіне қатысты жоғары сапа стандарттарын енгізді.

Қайырымдылық қорын құру идеясы Ержан Нұрелдайымұлы Тәтішевтің қайғылы өлімінен кейін пайда болды. Жақын туыстары мен ТұранӘлем Банкісінің топ-менеджерлерінің ынтасымен 2005 жылы қайырымдылық Қорының жұмысы бастама алды. Алғашқы жылдары Қор өз орнын, қай бағытта жұмыс істейтінін іздеумен болды. Бірінші бастамалар көмекке зәру жандарға гуманитарлық көмекке бет алды, ал кейінгілері алуан түрлі мақсаттық топтардың қызығушылықтарына негізделді: ата-ананың қамқорлығынан айрылған балаларға көмек берілді, қолөнер мен мәдени мұраны жандандырып, сол саланы дамытуға қолдау көрсетілді, үкіметтік емес ұйымдарға шағын гранттар бағдарламасы етек жайды. Өз стилі мен орнын табу мақсатында түрлі топтардың қажеттіліктері зерттеліп, бір-біріне ұқсамайтын әдіс-тәсілдер қоданылды. Осындай толассыз ізденіс үстінде Қор әлемуттік қызметтер ішінде өзіне лайық орын тауып, сегіз жыл бойына болашақта беткеұстар қаржы саласының кәсіби мамандарын дайындауға үлес қосатын алғашқы жеке қор атағын ақтауға ұмтылып келеді.

Бүгінгі күні Қор негізгі үш Бағдарламаға күш салып отыр: Мектеп, колледж және балалар үйінің бітірушілеріне, Мүгедектігі бар жастарға арналған бағдарлама және Ержан Тәтішев атындағы жеке шәкіртақы бағдарламасы. Барлық бағдарламалар бағытына қарай тікелей көмек беру топтарының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере жазылып, 2007 жылы бастау алды. Үшеуі де белгілі бір мақсаттық топпен жұмыс істеуге арналған және олардың қабілетіне қарай белгілі бір талап қояды. Әр бағдарлама өзегін сақтай отырып, түрлі өзгерістерге ұшырады: ықпал жасау ауқымдылығы мен топтармен жұмыс істеу тәсілдері өзгеріп, жаңа жолдар табылды, басымдылық өзгерді. Қордың белсенді қызметінің арқасында сегіз жыл ішінде қаржы, экономика мен банк ісі мамандықтары бойынша 53 білім грант бөлінді, 36 грант арнайы орта білімге берілді. 89 гранталушының ішінде 49 стипендиат оқу бітіріп, қолдарына диплом алды. Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицейінің 68 оқушысы Ержан Тәтішев атындағы арнайы шәкіртақы иегері атанды.

Қордың білім гранттары – білім алу механизмі болып қана қоймайды: таңдау барысында үміткерлер бәсекелестік ортаға түсіп, Қор стипендиаты атануға лайықты екендерін дәлелдеуге мүмкіндік алады. Грантты игеру кезінде қолданылатын сұрыптау негізінде айқын өлшемдер мен іріктеу айқындығы, қарым-қатынас жасаудың рәсімдері мен уақытында жасалған

мониторинг, талапкерлердің әр қайсысын жеке қарастыру жатады. Бұл ақырында жауапты, оң ойлы және белсенді жас адамдарды таңдауға көмек теседі.

## 1. Бакалавр дәрежесін алуға арналған білім гранттарының бағдарламасы

Мектеп, колледж және балалар үйінің бітірушілеріне арналған білім гранттарды бөлу бағдарламасы 2007 жылы анықталып, жұмысын бастады. Бұл бағдарлама орта және арнайы орта оқу орындарын тәмамдап жатқан және қаржы, экономика мен банк ісі мамандықтарын игергісі келетін Қазақстанның азаматтарына арналған. Бұл – қаржы жағынан ең үлкен үлесін алатын және Қордың артықшылықтарына ие болған бағдарлама. Басқалармен салыстырғанда басты болған себебі, бұл бағдарлама мен Қор мақсаттары тұра тепе-тең келеді. Одан бөлек Тәтішев Ержан Нурельдаемұлының шәкірттерін тәрбиелеуінде осы бағдарламаға жүктеліп, мамандырылған аясы мен Қор стратегиясын анықтады.



Осы бағдарлама бойынша талапкерлерді таңдау байқау барысында жүзеге асырылады, оған қатысуға көшбасшылық потенциалы, жоғары үлгімі мен жоғары әулеметтік ұстанымы бар мектеп немесе колледж бітірушілерін шақырылады. Оған қоса байқауға қатысудың басты шарты ө үміткердің өз қабілетін қаржы-экономикалық салада жүзеге асыруды мақсат етуі.






Бөйге жыл сайын жеті ай бойы жалғасып, үш кезеңнен тұрады. Кез келген талапкер білім алу, спорт секциаларына қатысу, әлеуметтік белсенділігін таныту барысында жеткен жетістіктері туралы толық және анық ақпарат беріп, өзінің болашаққа деген көзқарасы мен маман ретінде рөлі туралы эссэ жазып беруі тиіс.

Оған қоса отбасының материалдық жағдайын дәлелдейтін мәліметтерді жинап беру шешім қабылдау барысында қосымша өлшем ретінде алынады. Тапсырылған мәліметтер бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткерлер екіншісіне қатысуға мүмкіндік алады. Бұл кезең үміткерлердің тікелей қатысуымен тренинг үлгісінде өтеді және мәлімделген дарындылық пен жетістіктерінің шынайы көрінісін айқындайды. Осы тренинг тәжірибелі психологтардың көмегімен жасалғандықтан, адамның мінез-құлқы интраверт немесе экстраверт екендігін дәл анықтайды. Барлық тапсырмалар жеке және топтық жұмысқа арналған, әр түрлі динамикада ұйымдастырылған және тек қана адамның IQ деңгейін анықтамайтын, оған қоса эмоционалдық энергия қорын, стресске қарсы тұру қабілетін, компромистерге келісу және шешімді тез қабылдау қабілеттерін анықтайды. Одан бөлек ағылшын тілін білу байқаудың басты талабы, себебі серіктес университеттердің оқу барысы сол тілде өткізіледі. Аяқтайтын үшінші кезең – үміткерлерден қайсысы грантқа лайық екенін анықтайтын шешуші қорытынды саты. Барлық іріктеу кезеңдері дербес Конкурс Комиссиясының қолдауымен өткізіліп, соңғы шешімді Қор Құрылтайшылары мен Қамқоршы Кеңес қабылдайды.






**Қалибеков Дархан**  
Семей қ.





**Мағзомова Аружан**  
Орал қ.



**Ұзақов Бауыржан**  
Тараз қ.

2015 жылы Бағдарламаның стипендиаты болып Мағзомова Аружан (Орал қ.) мен Ұзақов Бауыржан (Тараз қ.), Алматы Менеджмент Университетінің білімгерлері (АлмаУ), ал Қалибеков Дархан (Семей қ.), Сүлейман Демирел Университетінің білімгері (СДУ). Осы талапкерлердің әрқайсысы барлық кезеңдерден өтіп, қиыншылықтардың барлығын жеңіп, соңына дейін жоғары көрсеткіштермен жетті. Қазіргі таңда жастар Қор отбасына кіріп, алдында келе жатқан стипендиаттардан қалмауға, үлгерім мен еріктілік жұмыс бойынша талаптарға сай болуға тырысуда. Басқа грант иегерлері секілді сабақ оқуымен қатар, адамдармен тілдесу жөнінде құнсыз тәжірибе алып, өз университеттерінің корпоративтік мәдениетін меңгеріп, Қор насихаттайтын құндылықтар мен қағидалардың ұстанымдарын көрсетіп жүр.



**Әміртай Дәрия**  
Қордай а, Жамбыл облысы

2015 жылы құанышты әрі көптен бері күткен оқиғамен ерекшеленді. Аяқтарына тік тұрған жас мамандар қазақстандық және шетел компанияларында қызмет атқарып жүрген Қор түлектерінің атынан берілген білім гранты марапатталып ұсынылды. Барлығы 2013 жылдан бері стратегиялық жоспарды құрудан басталды. Ақыры соңында түлектер арасында түрлі пікірлер айтылды және қаражат жинала бастағаннан кейін жұмыс оңды болатыны айқындалды. Осылай екі жыл ішінде білім грант бөлуге керекті мөлшерде сома жиналды. Қор тарихы үшін бұл тарихи оқиға болып қалмақ, Ұйым өкілдері мен Қазақ-британ Техникалық Университеті мен КИМЭП Университеті түлектері, Константин Кравченко и Аслан Әділбеков іріктеудің екінші кезеңінде Конкурс Комиссиясының мүшесі ретінде болуға шақырылды. Жастар екі жақтан көргені туралы ой-пікірімен бөлісті. Процессті



іштен көру және дұрыс шешім қабылдау олар үшін қиын да құрметті іс болып табылды. Ұсынылған бірінші грант иегері – Әміртай Дәрия (Қордай а, Жамбыл облысы). Қазіргі таңда Дәрия Қазақстанның үздік университетінің бірі АлмаУ-да «Қаржы» мамандығы бойынша білім алуда.

## 2. Мүгедектігі бар жастарға арналған білім гранттары

Мүгедектігі бар жастарға арналған білім гранттары , сондай-ақ бұдан сегіз жыл бұрын басталып, мүгедектігі бар жастарға бағытталған. Бұл бағдарлама аясында, Қазақстанның арнайы мектептерінің түлектеріне, таңданған мамандығы туралы, орта-арнайы білім алуға арнайы мүмкіндік ұсынылады. Стипендиаттар бұл бағдарламаға, үш кезеңді конкурстық тұрғыда іріктеледі. Кандидаттардың тәртіпті әрі реттілікті іріктелуі, қолданылатын, мектеп, колледж және балалар үйінің түлектері үшін арналған білім гранттар жобасына ұқсас болып келеді. Бірінше түр кезеңінде, конкурсқа қатысушылар, мәлімдеме толтырып, қаражаттарды бағдарламамен ұсынылған тізімге байланысты беру қажет. Оқу мен оқуға тыс қызметтеріне байланысты жиналған табыстарды көресететін, әрі қатысушы конкурсанттың тұлғасын сипаттайтын, міндетті қаражаттардың тізіміне, бұл конкурсқа келген себебін, мақсатын, ықпалын ашық көрсететін, эссе сұралынады. Бірінші кезеңді өткен, конкурсқа қатысушылар, комиссия әр конкурсқа қатысушы туралы анық көрініс алып, оның уәждемесіне әділдікпен баға бере алатын, сұхбат беруге шақырылады. Сұхбат қор офисінде өткізіліде, ал басқа Қазақстан қалаларынан келген конкурсқа қатысушылар, сұхбатты кез келген тиімді виртуалды байланыс арқылы өтеді. Сұхбаттасу- арқылы конкурсқа қатысушылар басықасында болып, өз шамасын көрсете алатын және мамандықты таңдау себебін айқындай алатын негізгі әрі маңызды сұрыптау кезеңі. Соңғысы, гранттардың бөліп берілуіне тура әсер етеін, маңызды факторы болып келеді.

Бұл бағдарламаға бағытталған, мақсатты аудиторияның ерекшеліктеріне қарай, конкурсқа қатысу адал шарттары орынды, сондықтан грант ізденушілері , мамандықты еркін таңдап, орта-арнайы білім беру мекемелері, мақсатты топтардың ауыздықтап, оларға еріктілік жасау міндеттілмейді. Үлгерімнен гөрі, сабақтан тыс іс-шараларда жетістіктер маңызды өлшемдердің қатарына кіреді- белсеңді өмірлік айқындама, ішкі жоғары уәждеме, шешім қабылдауда тәуелсіздік кіреді. Өзінің дене шектеулерін басым келіп, замандас қоғамның құнды әрі пайдалы адамы болу, психо-эмоционалды негізінен бар болу, әрине өз күшіне сенім тілегі - бұл бағдарламаның степендиаттары ерекшеленетін қадыр қасиеттері.



**Жұмағұлова Жанерке**  
Жалаңаш а., Алматы обласы



Тірек-қозғалысы бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернатының түлегі, Жұмағұлова Жанерке ( Жалаңаш , Алматы обл.), қор жобасы бойынша бірнеше рет жеңімпаз болған мектеп түлектерінің тізімін жалғастырған. Жақсы үлгерім, уәждеменің болуы, дербестікке талаптану, сенімшілік, ырқына ерутішілік сияқты қасиеттер арқасында 2015

жылдың конкурсқа қатысушылар арасында сөзсіз және жалғыз лайықты үздігі болған. Дәрігерлер Жанеркеге гиперкинетикалық экстерамидалдық ДЦП түрін анықтап, 2 мүгедектер тобына жатқызды, қазір Жанерке әжесінің қамқорлығында. Жанерке білімін Қазақ-түрік колледжінде әрі қарай жетілдіріп отыр.

### 3. Кентау қаласындағы №16 мектебіне қолдау көрсету

Ержан Тәтішев атындағы арнайы шәкіртақы бағдарлама – Кентау қаласының Ю.А. Гагаринның атындағы №16 политехникалық мектеп-лицейінде іске асырылатын Қор бағдарламасы № Мектеп – Ержан Тәтішевтің білім іргетасы қаланған жер. 2007 жылдан бастап Қор лицейге көмек көрсетуде: компьютерлік кабинет, лингафондық кабинет жабдықталыны, мектеп ғимаратының күрделі жөндеуі өткізілді, акт залы үшін радиомикрофондар алынды. Жыл сайын бағдарлама аясында белсенді оқушылар арасында арнайы шәкіртақыға байқау өткізіледі.

Байқауда соңғы оқу жыл бойы 4,0 ұпайдан жоғары үлгерім көрсеткендер, пәндік жарыстарда және байқауларда жүлделі орындары бар, қоғамдық және сабақтан тыс істермен белгілі жетістіктерге көзге түскен 8,9,10,11-сынып оқушылары қатыса алады. Көшбасшылық қабілеттерімен көрінген, жақсы үлгерім көрсеткіштері мен қоғамдық белсенділік танытатын жастар қоғамдық істер шегінде өз күштерін сынай алады. Ол үшін өзіндік жобалық идея ұсыну керек, және байқау қатысушының барлық жеткен жетістіктерін дәлелдейтін байқау алдыңғы оқу жылының табелі және мадақтамалармен портфолио, дипломдар мен сертификаттар ұсынылуы қажет. Сонымен қоса байқау қатысушылардан өз қоғамы үшін өзекті сұрақтарды қозғайтын жобаның жетілдіруі және оқу жылдың ішінде іске асырылуы талап етіледі. Жасампаз және өзіндік жобалардың авторлары оқу жылдың ішінде айлық шәкіртақымен ынталандырылады. Бағдарламаның шарттары бойынша жоғарғы сынып оқушылары байқауда қайта қатыса алады, бірақ қатысушылар арасында тең шарттар сақтала отырып, бірінші рет өтінім берген және қайта бергендердің арасында біріншілердің беделі жоғарырақ болады.

2014 жылы байқау іріктеуінен өткен бағдарлама стипендиаттары жобалар аясындағы жұмыстарын бітірді. Іске асырылған ойлар өзгешелігімен, ауқымдылығымен, тәсілдерімен ерекшеленді. Жобалық тәсілдеме - ол біршама жаңа түсінік, және басында көбісі өз ойын жеткізуде қиындық танытты, ал іске асыру барысында жұмыс орындауының жүйелелегімен және жобалауымен қиналды. Алайда, жаңа концептуалды тәсілдеме қолданса да, балалар жігерлілік танытты және жобалау технологияларын игеруге тырысты. Қор мектеп-лицейден сегіз оқушысын қолдады, алайда объективті және субъективті себептермен біразы нәтиже көрсете алмады.

Барлық іске асырылған жобалардың ішінен жаңашыл деп Дмитрий Алексеевпен ұсынылған «Мақсат қою және уақытты бақылау бойынша №16 Ю.А. Гагарина атындағы мектеп оқушылардың арасында клубты енгізу» жобасын атай аламыз. Ол бағалы қор болып саналатын уақыттың тиімді қолдану технологиясын меңгеруге көмектеседі. Жобаны іске асыру аясында Дмитрий тайм-менеджментті меңгергісі келгендерді біріктіріп клубты ұйымдастырды. Клуб мүшелері осы заманауи технологияның бүге-шегесін таныды, басымдылықтарды орнына жайластыруды үйренді, мақсаттарын жоспарлауды, саналы түрде мәселені шешуге және жұмыс уақыты мен биологиялық ырғақтарды үйлестіру арқылы нәтижелілікті арттыруды үйренді. Жобаның іске қосылуы алдында клубқа қатысқысы келгендердің саны көп болса да, өз күн тәртібін тек бес адам ғана өзгертуге дайын болды. Балалар өз күнделіктерін жүргізіп, уақыт жұмсауын жазып алып жүрді, ал Дмитрий оларға талдау және жөнді өзгерістер жасауға көмектескен. Бұдан басқа, Дмитрий лицейдің Қамқоршылық Кеңесінің төрағасына жобаның тиімді екендігіне көзін жеткізіп, веб-сайтты іске қосуға қаражат тартты. Ол сайт тек

мектеплицей қатысушыларына ғана емес, уақыт жұмсауды үйренгісі келген басқа да адамдарға пайдалы болып келеді.

Кадрбердиева Рубинаның қатысушылардың шығармашылық және ағылшын тілде сөйлеу қабілеттерін арттыруға бағытталған жобасы есте қаларлық жобаларға жатады. Жобаның мақсаты драм-театр үйірмесінің жұмысты жасампаз тәсілмен ұйымдастырылуы арқылы іске асырылды. 7,8,9,10-сынып оқушылары мини-театрдың мүшелері бола отырып, өздері қандай шығарма репетуарға кіретінін шешеді, сценарийды талқылайды, костюмдерді ойластырады, рөлдерді бөледі.



Басқа қойылымдардың арасында Ұлы Отан Соғысының 70-жылдық мерейтойына арналған «Brave Partisan» спектаклі ерекше есте қалды. Бұл жоба өз жаңалығымен ерекшеленді және бірнеше мақсатқа жетті: актерлер жасанды түрде жасалған тілдік ортада тікелей қарым-қатынаста болуға мүмкіндік алды және ішкі дүниесімен шешіліп, қызығушылық шеңберін кеңейте алды.



Стипендиаттардың арасында өз жобасына практикалық түрде қарағандар да болды: Имамиддинов Ділімұрад туған мектебінің инфрақұрылымын жақсарту мәселесіне көңіл бөлді. Өз жобасының объектісі ретінде мектепалды аймақты алып, жергілікті кәсіпкердің көмегімен төрт орындық орнатты. Жобаның қарапайымдылығына, оның жүйелі немесе ауқымды өзгерістер әкелмегеніне қарамастан, оның пайдасы анық: бастауыш сынып оқушыларының ата-аналары сабақтардың соңын жайлы жағдайда күте алады, мектептің қасбеті жаңарып қалды.



Жахонгирдің жобасы кіші сынып оқушыларының көңілінен шықты – биология кабинетінде құрылған кішігірім жан-жануарлар бұрышында бұйра тотықұспен алтын балықтар өмір сүреді. Жахонгир өз еркімен жан-жануарлар бұрышының тұрмысын түзеді, әрдайым қорегін қадағалайды және ол жерді басқа да жәндікпен толтыруды жоспарлап отыр. Бұл жоба оқу процессін түрлендіріп жақсартты, енді балалар жәндіктерге дұрыс бағып күтуді үйренуде, қамқорлық көрсетуде және жәндіктердің қылықтарын байқай алады.



Бүгінгі таңда көкейкесті мәселелердің қатарында шектеулі мүмкіншілікпен балаларды қоғамның өміріне қосылуларына жол ашу мәселесі, және мемлекеттің бастамалардың бірі – бұл мәселені мектеп ішінен инклюзивті сыныптар ашу арқылы шешу. Қарым қатынас жасау үшін жасалған шарттарға қарамастан, сау балалардың көбісі мүгедек балалардан алшақ жүруге тырысады, ол өз кезегінде мәселені өршіте түседі. Курносикова Марияның бастамасымен «Чужой боли не бывает» атты жоба ерекше қажеттіліктермен балалардың еркін және сенімді сезіну мақсатында орта құру үшін бағытталған. Оқу жылы барысында он бала үшін жетілдіру жұмыстары және ойындар жүргізілді, олар мектептің барлық іс-шараларына және мерекелеріне белсенді түрде қатысты. Мария өзі сияқты балаларға бейжай қарамайтын достары, Закирова Ферузамен мен Ақбердиев Дәулеттің қолдауын алды. Аптасына үш-төрт рет балаларға дене шынықтыру өткізіліп, апталық интеллектуалды марафондар ұйымдастырылды. Көріктісі, жобада қимыл-қозғалысқа да, ой-өріске де жүк салынды, ойын-сауық және ынталандыру элементтері де болды. Әр түрлі амалдырды қиыстыру арқылы балалардың эмоционалдық жағдайына және үлгеріміне жағымды әсерін тигізді. Жоба кезінде Мария өткізген зерттеу бойынша балалардың қарым-қатынасқа ашық болуын, жиі және ынтықтықпен амандасуын, іс-шараларға ынтымен қатысуын байқады. Бұл жоба уақыттық және адами ресурстардың жұмсалыуына қарай ең күрделі әрі ауқымдылардың қатарына жатады, және Қордың атынан үздік қоғамдық жоба ретінде мадақталынды.

Айта кететін бір жайт, жобалық іс-шаралардың арқасында әр шәкіртіміздің жеке рейтингі есті, ал бұл нәтиже оқушылардың дәрежесін және патриоттық сезімін арттыруға көмектесті.

Шәкірттер өз кезегінде пайдалы тәжірибе алып, басқаларына да шабыттандырып ой тастады, оқу жылының басында жаңа жобалық ойлар қарастырылды. 2015 жылы атаулы шәкіртақы иесі болып төрт адам атанды.

Жалпы оқу туралы ойларды қолдаған Герлах Валерия үйде оқитын, физикалық жетіспеушіліктеріне байланысты балаларды қоғамдандыру тақырыбын қозғады. «Сенің қолың менің қолымда» атты бұл іс-шарада олар оқуға шамасы келмейтіндерге, үй тапсырмасын жасауға, қалыс қалған тақырыптарын қайталауға көмек қолын созады. Күнделікті қоғаммен араласу оларды шеттетілу сезімінен арылтып, қоғамдағы, отбасындағы орнын анықтауға жәрдем етеді.



**Герлах Валерия**  
8 А-сыныбы



**Мамеков Шахрух**  
9 А-сыныбы



**Садықов Алмаз**  
11 А-сыныбы



**Ерназарова Шахноза**  
8 А-сыныбы

Ерназарова Шахноза балалардың жаңалықтар мен көкейкесті мәселелерін шешуге күш салды, оның ойынша кез келген заманауи адам айналада не болып жатқанын танып білу керек. Шахноза қарамағына жаңалықты тауып, оны әр басылымға дайындап беретін адамдарды жинайды. Газет ай сайын шығып тұрады және ол тек қана пайдалы ғана емес, өзін жетілдіруді, мәдени байлыққа ие болуды көрсететін ақпарат құралы.

Шахматтың адамға пайда әкелетінін бағалау өте қиын. Жүздеген мемлекеттерде шахмат ойыны спорттың бір түріне жатқызылады, ал 1999 жылы Халықаралық олимпиадалық комитеттің шешімімен спорттың бір түрі деген ресми атау алды. Шахмат адамды жайғдайды алдын алуға, анализ жасауға, адамның сезімі мен логикасының дамуына үлес қосып, сабырлыққа үйретеді. Мамеков Шахрух шахмат клубының дамуына бастау болды. Шахрух бірнеше матчтар ұйымдастырып, болашақта жүйелеп, дамытуға, жоба біткен соң да шахмат клубы өз жұмысын жалғасынтра беретіндей жағдай жасады.

Ең қуантарлық жайт, алдыңға жылғы шәкірттердің тастап кеткен ойлары келер шәкірттерге де өте пайдалылығы. Садықов Алмаздың жобасы 20147 жылғы шәкірт Кадрбердиева Рубинаның жобасына ұқсас. Алмаздың жобасындағы ойы адамдардың қосымша қатысып жүргендері болсаоны дамытып, ары қарай тілді дамытып, ауызша сөйлеуді жалғастыру. Осы мақсатта клуб мүшелері тілін дамыту үшін ағылшынша киноны орысша жазумен көреді. Балалар өтілген тақырыптарды талқылап, келесі кездескенде қалып қойған заттарды жоспарлап, қателіктерді болдырмау үшін жұмыс жасайды.

#### 4. Біздің түлектер

Қор білім грантын алған әр студентпен қарым-қатынас ұстап, керекті бағытқа жол сілтеп, өзін-өзі дамытуға көмектеседі. Қор өз қамқорлығын студенттер көптен күткен дипломдарын алып, кәсіпқой дамуда алғашқы қадам жасаған кезде тоқтатады. Дегенмен осымен екі жақ арасындағы байланыс үзілмейді, ендігі кезде серіктестікке бет бұрған жаңа байланыс орнайды.

2011 жылы Ержан Тәтішев Қоры өзінің қол астынан алғашқы түлектерін ұшырды, қазіргі кезде бес ұрпақ Қазақстанмен қоса шет елдерде де сапалы маман иесі, болып бизнес-компанияларда жұмыс істеуде.



**Константин Кравченко,  
Ержан Тәтішев Қорының  
2012 жылғы түлегі**

Менің атым Константин Кравченко, мен Ержан Тәтішев Қорының 2012 жылғы түлегімін, соңғы төрт жыл ішінде менің өмірім түбегейлі өзгерді десем артық болмас. Төрт жыл бұрын, мен ҚБТУ-ға қарасты Халықаралық Экономика Мектебін бітіріп, экономика мен қаржы саласында бакалавр дәрежесіне ие болдым. Бұл мамандық менің жоғары оқу орнын бітіргенім туралы ҚБТУ мен Лондондық Экономикалық Мектеп дипломдарының екеуінде де көрсетілген. Өкінішке орай, Университетте оқу барысында, Лондон қаласына бара алмадым, дегенмен қашық орналасқан лондондық мектепте білім алу бағдарламасы өз жемісін берді, енді мен Нобель сыйлығының он алты иегерін тәрбиелеп өсірген университет бағдарламасын бітіргенімді мақтан тұта аламын.

Мұндай керемет білім алған адам: «Енді жан-жақтағы жұмыс берушілер мендей маманға өздері-ақ таласатын болады, қайда жұмыс істейтінімді өзім шешетін боламын!» - десі бар ма, әйткенмен барлығы ойдағыдай оңайға түспеді. Жұмысқа тұру барысындағы бәсекелестік зор, әрі қандай университет бітіргеніңе ешкім мән бермейді. Бірінші кезекте, болашақ жұмыс беруші ойыңның қаншалықты орынды, зерделі екенін, қисынды ой қозғау қабілетіңді, елмен тіл тауып әрекет жасай білетініңді сынға алады. Соңғы кездері университеттердің мағлұматты жаттанды түрде оқытпай, ой түбіне жетіп түсіндіруге, өз тыңдаушыларына барынша сауатты және қолжетімді етіп жеткізуге деген бетбұрысын ескеретін болсақ, студенттер арасындағы бәсекелестіктің одан бетер ұлғаятынын түсінеміз.

Көптен күткен екі дипломымды алмай тұрып, мен түрлі жұмыс жәрмеңкелеріне, «жасыл» түлектерді жалға алатын компаниялардың «ашық есік күндеріне» белсенді қатысуға тырыстым. Жолым болып, түрлі қисынға байланысты тесттерден, сұхбаттардан өткен мен «Үлкен төрттік» атты аудиторлық т.б. кәсіби қызметтер саласындағы компаниялардың алыды, КРМС мекемесінен жұмыс істеуге ұсыныс алдым.

Алып қарасаң «аудит» және «экономика мен қаржы» нарықтың бір сәресінде тұратын, жобалауымша ұқсас ұғымдар деп түсінетінім, ал іс жүзінде бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі түрлі дүние болып шықты. Студент кезімде бухгалтерлік есепке қатысты дәрістерге қатысқанда, мен өз маңсабымды аудитпен бастайтынымды ойламаған едім, өйткені көп санмен жұмыс істеу адамды жалықтыратын іс деп ойлайтынмын. Алайда «бұл маған лайық емес» деп ешқашан айтуға болмайды екен.

КРМС компаниясында көмекші қызметінде өткен екі жыл уақыт ішінде тек санмен ғана емес, бірінші кезекте елмен жұмыс істеуді талап ететінін түсінесін. Күнбе-күн біліміңді молайта

отырып, үлкенді-кішілі әріптестеріммен, компания клиенттерімен қарым-қатынас жасауға бейімделесің. Әрбір күнің кешегі және ертеңгі күннен басқаша болғандықтан, күн сайын жаңа адамдармен кездесіп араласқандықтан, бұл қызметті жабырқаңқы әрі жалықтырғыш жұмыс деп атау қиын. Осылайша мен әрі қарай маңсап баспалдағымен ілгері қозғалуды мақсат қылдым. Ол кезде менің жұмыста екі адым жоғарылаған кезім еді, сөйтіп компанияның ішіндегі халықаралық трансферін алу мүмкіндігін іздестіруге күш салдым.

Мақсат болса, тосқауыл жоқ... Басқа елге ауысу жайында ой тувалы деп бір жыл өткен соң, КРМС компаниясының Лондонда орналасқан офисіне басқарушы көмегісі қызметіне қабылдандым. Әлемнің ірі мегаполистерінің қатарына кіретін қала мен Қазақстанда атқарған қызметімнің арасындағы айырма жер мен көктей: көпұлттық ірі клиенттер, тығыз мерзімде орындалуға міндетті жобалар, тілге байланысты кедергілер мен мәдениеті мен тілі бөлек мемлекетке көшіп келген әр адамның алдынан шығатын тағы басқадай алуан қиындықтарға тап боласың. Қазақстандағы КРМС-де алғашқы күннен бастап-ақ кең ауқымда ойлауға, атқаратын жұмысыңның әр адымын басқанда үлкен кәсіпқойлықты талап етуі Лондонда бейімделуге септігін тигізді. Ағылшын тілі ана тілім болмағандығына және жұмыс барысындағы өзгешеліктердің даршылығына қарамастан, мен Қазақстанда жұмыс пен оқу барысында алған білім мен тәжіридемнің арқасында өзімді лондондық серіктестерімнен кеммін деп санамаймын. Лондон қаласында өзім сияқты ұсыныс алған, өз мансабы мақсаттарын осы жерден бастауға бел буған көптеген қазақстандық жастарымен таныс болдым. Мұнда жүргендердің бәріне де оңай болып жатқан жоқ, сонда да ағылшындармен сынға түскенде сүрінбей өту үшін өзім де, жанымдағы балалар да Қазақстанның намысын таптамауға және ерінбей сапалы еңбек етуге талпынамыз.


Қандай отбасынан шықсаң да, қай университетті бітірсең де, кәсіби мансабыңа қай жерден жол бастасаң да, мақсатың мен сол мақсатқа апаратын жол-жоспарың болса, табысыңның жартысы қалтаңда дей бер. Егер адам небір нәрсені қалап ұмтылса, оған жетуге еш кедергі болмайтынына өз тәжіридемнен көзім жетті. Мазалайтын небір ой дұрыс шешім қабылдау нәтижесінде іске асып, шыңдыққа айналды. Менің ұраным – «Мақсат болса, тосқауыл жоқ...».

Алдыңғы жылы төрт шәкіртіміз жоғарғы және орта білімді дипломдарын алды. Мектеп, колледж және балалар үйінің түлектері алатын білім грантын алған Көпбаева Лаура «Қаржы» мамандығы бойынша Алматы Менеджмент Университетінде бакалавр дипломын алды. Жақында тәжірибесін жақсы атқарып, «Pricewaterhousecoopers» компаниясына жұмысқа кірді. Жұмыспен қоса магистратура екеуіне де үлгеріп жүрген ол, оқуының бір бөлігін тапқан айлығынан төлеп отырады.





Үш жас колледжді бітіргені жайында диплом алды: Жұмабек Жасұлан (Кентау қ., ОҚО) «Фельдшерлік іс» мамандығы бойынша Алматы медициналық колледжін бітіріп, Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің медициналық факультетіне түсті. Жолболдиева Әсия (Алматы қ.) Алматы қазақ-түрік гуманитарлы-технологиялық колледждің «Аударма ісі» бойынша маман болғаны жайында диплом алды, қазіргі кезде «Алматы Университеті» атты оқу орнында «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығында жоғары білім алып отыр. Кенбабин Арғын – заңгер кәсібін жаңадан үйреніп жүрген түлек, ол Балхаш көпсалалы колледжде білім алды. Қазіргі уақытта туған қаласының әкімі мен демеушілердің қолдауымен Мәскеу қаржы-өнеркәсіптік «Синергия» университетінің филиалында жоғары білім алып отыр және «Жастар тәжірибесі» атты мемлекеттік бағдарлама бойынша жер қатынастары және сәулет бөлімінде еңбек етіп келеді.



Серіктес оқу орындарына таңдау түскенде Қор білімнің биік стандарттарын негізге алатын, қоғамда жағымды көрініс алған және толыққанды білім алуға қажетті материалды-техникалық базасы бар жоғары оқу орындарына сенім артады. Осы орайда маңызды рөл



олардың басқа серіктестермен тіл таба білуі, сондықтан олардың әріптестік құрудағы ашықтығы мен даярлығы тиімді қарым-қатынас жасауға қажетті критерий болып табылады.

Қор бағдарламалары әр гранталушыны тек оқу барысында ғана емес, кейінгі жұмыс істей бастағанда да өзінің бейімделгіштігі мен проактивтілігін аңғартуға, бәсекелестікке төзе білуге итермелейді.

Білім сапасын қадағалайтын тәуелсіз қазақстандық агенттігі (IQAA-БСҚТҚА) дайындаған 2014 жылғы Ұлттық рейтингке сәйкес Ержан Тәтішев Қорының серіктес оқу орындары гуманитарлық-экономикалық білім беретін ЖОО-ның ішінде алдыңғы бес үздіктер қатарына кірді. Аталмыш рейтинг академиялық іс-әрекеті, сарапшылардың баға беруі мен жұмыс берушілердің арасындағы беделіне негізделген.

Рейтингті құруға ат салысқан қатысушылар алуан түрлі: абитуриенттер мен олардың ата-аналары, жұмыс берушілер мен ғылыми қауымдастық, университеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдар және мемлекеттік органдардың пікірлері ескерілді. Сонымен бірге Агенттік Әлеуметтік ғылым, экономика және бизнес саласындағы мамандықтар бойынша бакалавриат дәрежесін беретін үздік білім бағдарламаларына да сараптама жасады. Қордың білім гранттарын беріп отырған мамандықтар бойынша үздік оңдықта Алматы Менеджмент Университеті орын алды.



Әмина Абуғалиева,  
Ержан Тәтішев Қорының  
2011 жылғы түлегі

Мен Қордың қолдауымен 2011 жылы ҚИМЭП Университетінің Іскерлік Басқару Бакалавры дәрежелі дипломына ие болдым. Дипломды ала салысымен мен "Procter & Gamble" компаниясына қаржы сараптаушысы болып орналастым, онда әлі күнге дейін жұмыс істеп жатырмын. Өзім сияқты басқа компанияларға жұмыс істеп жүрген Қор түлектерімен ақылдасып, қолымыздан келгенінше Қордың жұмысына азды-көпті қаражат қосып, қолдай аламыз деп ұйвардық.

#### **Қор түлектерінің атынан грант тауайындаймыз деп неліктен шештік?**

Шынымды айтсам жеке өз басымда Қорға демеуші ретінде көмек беруге деген ниет ҚИМЭП-те оқып жүрген кезде-ақ туындады. Қордың атқарып отырған қызметі, іріктеу барысында іске әділдікпен қарайтынына көзіміз жетті дей аламыз, өйткені оның дәрі өз басымыздан өтті. Оқу барысында Қордың қамқоршылары мен қызметкерлері оқуымызды қадағалап қана қоймай, бойымыздағы көшбасшылық, коммуникативтік қабілеттердің ашылып дамуына үлес қосып, жағдайы нашар адамдар мен бүкіл қоғам мәселелеріне көңіл бөлетін азаматтар ретінде үлгі бола алды. Осылайша оқуды бітіруге жақындай береді, Қордың тәрбиелеп отырған жастардың ішінен жоқ дегенде бір білімгерлерінің оқуын өтеуді мақсат қылдым. Осыдан екі жыл бұрын Қордың онан арғы дамуы жайында талқыға салғанымызда Ержан Тәтішев Қорының түлектері атынан грант тауайындау үшін жұмылып қаражат жинастыру жайында керемет ойға түйістік. Мен бұл идеяны қалған түлектерімізге ұсынып, олардың қолдауын алдым. 2014 жылдың ақпаны айында ақшалай жарна жасаймын деушілерге арнайы есепшот ашып, қаражат жинастыра бастадық. Осы орайда аса көңіл бөліп айта кететін жәйт – Қорға түсіп отырған барлық жарналар түлектердің ізгі ниетімен жасалады, және Қор бізге ешбір міндет жүктеп отырған жоқ. Кезінде өзіміз де зор көмек алдық, ал ендігі кезекте біз де Қорымызды қолдап, дарынды жастарға көмектесуді көздеміз.

### **Қаражат жинастыру қалай жүзеге асырылады?**

Әрбір түлек ай сайын немесе жыл сайын дәре алатын сома мөлшерін өзі ұйварды. Алғашында қаражат жинау абыл-сабыл жүріп отырды, ал 2014 жылдың шілде айында біз бірінші жыл оқуына жеткілікті болатындай қаражат жинастырудың жоспарын құрып, 2015 жылдың шілдесінде грант беруге ұмтылдық. Ақырында дәрі де ойдағыдай шыққанына қуаныштымыз! Қазір біз оқудың екінші жылына керекті қаражат жинап жатырмыз, келесі төлемді келесі жылдың тамызында жасау қажет. Әзірше тұңғыш стипендиатымыз оқу бітіргенше алдағы үш жыл ішінде басқа грант бөле алмаймыз. Алайда алдағы уақытта жылма-жыл қатар толтырып отырған түлектеріміз демеушілік жасауға ниет білдіргендердің саны көбейіп, бірнеше грантты өтейміз деп үміттенеміз.

### **Үміткерді қалай таңдадық?**

2015 жылы біздің грантқа Әміртай Дария ие болды. Үміткерді біз өзіміз таңдадық. Қордың іріктеу комиссиясы құрамында барлық түлектердің өкілі ретінде екі адам қатырасты. Екінші айналым нәтижелері жайында есеп барлық түлектерге жіберілгеннен кейін, бірлесіп шешім қабылдадық.

### **Жұмыс барысын қалай қадағалаймыз?**

Грант тағайындалған сәттен бастап стипендиатымыздың алдында міндет артқанымызды білдік, сондықтан жұмыс барысын белгілі бір тәртіпке келтіру қажет болды. Осы мақсатта жылына бір рет сайланатын Түлектер Клубының Төрағасын тағайындадық. Биылғы таңдау маған түсті. Түлектер Клубының Төрағасы ретінде келіп түскен қаражат жайында есеп жасаймын, ай сайын қаражат жинастырудың жоспарын құрастырып, ол жайында Клубтың қалған мүшелеріне хабарлаймын. Түлектердің көбісі басқа қалалар мен мемлекеттерде жұмыс істейді, сондықтан да байланыс электрондық хаттар арқылы және WhatsApp-та құрылған топ арқылы жүзеге асады. Қалтаңнан ақша шығарып, қайырымдылық жасау – әркім өз басы шешетін мәселе, оған елді мәжбүрлеуден ашақыңыз. Сол себептен Түлектер Төрағасының білетін мәліметтері, яғни кім және қандай мөлшерде жарна жасаваны жария етілмейді, есеп берген кезде тек жиналған барлық сома ғана хабарланады. Сонымен бірге Әміртай Дарияның үлгерімін қадағалау да – менің атқарып отырған міндетімнің бірі. Қор әрбір семестрдің аяғында оның оқу нәтижелері жайында хабарлайды.


## **5. Стипендиаттар клубы**

Бакалавр дәрежесін алуға арналған білім гранттары бағдарламасы ең дарынды, мәнсаби мақсаттары бас белсенді жас азаматтарға жол ашатын Қордың негізгі Бағдарламасы болып табылады. Білім гранты – қайтарылмайтын қайырымдылық жарна, Бағдарлама талаптарын орындаған грант иегерлеріне оқу бітірген кезде ешбір міндеттемелер жүктелмейді. Алайда Клуб мүшелері жағдайы нашар жандарға мейірбан болып, қоғам мүшелерінің өмірін жақсартуға өз үлесін қосып, грант құнын материалдық емес игіліктермен қайырады. Әрбір грант иегері Қор стипендиаттарының қатарына қосылған уақытында Стипендиаттар Клубы атты Қордың еріктілер қозғалысына мүше болып, әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындауға міндеттеме алады. Стипендиаттар жобалардың ауқымдылығын, қосар үлесін және орындау қарқындылығын өз еріктерімен шешеді, бастысы жобалар небір мақсаттық топтың өміріне жағымды өзгеріс әкелсе болғаны. Әр стипендиаттың оқу жылы ішінде жүзеге асырған жобалар уақыты 192 сағатқа сәйкес болу керек.

Стипендиаттар Клубының қызметі әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындаумен ғана шектеліп қоймайды: Клуб мүшелері оқу үлгеріміне қатысты сұрақтарды талқылайды, әрбір стипендиаттың Қорда қолданылатын процедуралар мен корпоративтік мәдениет жайында нақты түсінігі бар.

Бағдарлама шартына сәйкес еріктілер Алматы қаласында орналасқан оқу орындарында дәріс алады, сондықтан жобалардың басым көпшілігі қала мен оның тұрғындарының пайдасына тиеді. 2015 жыл ішінде іске асқан шаралар өзінің алунтүрлілігімен көзге түсті: бір мәртелік шаралар да, күрделі ұзақ мерзімді концептілер де орынды болды.

### Стипендиаттар Клубының серіктестері



Стипендиаттар ауыр науқас адамдарды, ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларды, үйсіз қалған жануарларды қолдауға бағытталған түрлі қайырымдылық шараларға, жәрмеңкелер мен концерттерге, фестивальдарға ат салысты; Қор серіктестеріне аудармалар мен промобейнелерін түсіруге көмектесті; жетім балаларға арнап олардың дүниетанымын арттыратын және көңілін көтеретін шаралар ұйымдастырды; қарттар мен жастар арасында қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған бірмәртелік шараларға қатысты; қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға өз үлестерін қосты.

## 2015 жылы жүзеге асырылған елеулі жобалар



### «Жанұя» балалар үйінің тәрбиеленушілерінің жеке бас қабілеттерін дамыту, қаңтар 2015

Ұйымдастырушы: Халықаралық ақпараттық технологиялар университетіне қарасты «Union» қайырымдылық ұйымы. КИМЭП Университетінің 3-курс студенті, Байғұтанова Айдана мектеп алды топтың 30 тәрбиеленушісіне психологиялық кедергілерді бағындыруға және қарым-қатынас жасау машықтарын жақсартуға көмектесті.



### «Жанұя» балалар үйінің тәрбиеленушілерінің жеке бас қабілеттерін дамыту, наурыз 2015

Ұйымдастырушы: Сүлейман Демирел атындағы Угиверситет. СДУ 2-курс студенті, Еникеева Айсұлу 1-9 сыныпта оқитын «Жанұя» балалар үйінің 100 оқушысының бос уақытын қызықты өткізуге және эмоционалдық серпіліс алуға әсер етті.



### Қаскелен мектеп-интернатындағы тәрбиеленушілерінің жеке бас қабілеттерін дамыту, қыркүйек – қазан 2015

Ұйымдастырушы: СДУ-ға қарасты «Шапағат» қайырымдылық ұйымы. СДУ 3 және 1-курс студенттері, Құлшебаев Нұржан мен Қалибеков Дархан Қаскелен мектеп-интернатындағы 60 тәрбиеленушілердің лердің қарым-қатынас жасау қабілеттерін жақсартуға үлес қосты



**Қаланы көгалдандыру жобасы, ақпан 2015**

Ұйымдастырушы: РҚБ «PosadiDerevo.kz», Алматы қ. Игі істер паркі. АлмаУ 1-курс және КИМЭП Университетінің 3-курс студенттері, Кебекбаев Альзаир мен Сапабеков Әмірхан қала экологиясын жақсартуға шыршаның 36 көшетін егіп, өз үлестерін қосты.




**Қаланы көгалдандыру жобасы, мамыр 2015**

Ұйымдастырушы: РҚБ «PosadiDerevo.kz», Алматы қ. Игі істер паркі. КИМЭП Университетінің 3-курс студенті, Байғұтанова Айдана көктемгі шарда 60 ағаш көшеттерін егуге ат салысты



Қала тұрғындарының денсаулығын сақтауға бағытталған «Донорлық күндері» жобасы, наурыз 2015  
 Ұйымдастырушы: Сүлейман Демирел Университеті. СДУ 3-курс студенті, Күлшебаев Нұржан шараны ұйымдастыруға көмектесті және донор ретінде қатынасты. Республикалық қан орталығына 87 литр қан жеткізілді.



**Мәдени деңгейді көтеруге бағытталған Asyk tournament және Dombra party жобасы, ақпан 2015**

Ұйымдастырушы: Сүлейман Демирел Университетіне қарасты «Шапағат» қайырымдылық ұйымы. СДУ 3 және Ікурс студенттері, Құлшебаев Нұржан мен Қалибеков Дархан КИМЭП, UIB, КВТУ, КазНТУ, КазГУ университеттерінде оқитын 70 студентке қазақтың халық ойындарын паш етті




**Sweet Fair және Қайырымдылық жәрмеңкесі, наурыз 2015**

Ұйымдастырушы: Халықаралық ақпараттық технологиялар университетіне қарасты «Union» қайырымдылық ұйымы және KIMEP Friends. КИМЭП Университетінің 3-курс студенті, Байғұтанова Айдана Айымжан Досжанның еміне (4,5 жаста, диагнозы – 4-деңгейлі нейробластома), Айару Нұрғожаеваның (II ай, диагнозы – жүйке жүйесінің туа біткен ақауы) еміне және Алматы қаласындағы балалар үйлерінің тәлімгерлерінің қажеттіліктеріне қаражат жинастыруға көмектесті. Барлығы 1 594 255 теңге жинастырылды.



**«Жеңімпазды құтқарамыз» қайымдылық шарасы, қазан 2015**

Ұйымдастырушы: Алматы Менеджмент Университетіне қарасты «ДОС» студенттік клубы. АлмаУ Ікурс студенттері, Мағзомова Аружан мен Ұзақов Бауыржан кикбоксинг әлемдік чемпионатының күміс жүлдегері, Азамат Нұрпейісовтің өкпенің қатерлі ісігін емдеуге қажетті қаражат жинастыруға бағытталған «Жеңімпазды құтқарамыз» атты қайымдылық шарасына қатысты. Жиналған қаржы мөлшері - 71 594 теңге.



**«Кел, көмектесейік» қайырымдылық акциясы, маусым 2015**

Ұйымдастырушы: әлсіз жануарларға көмектесуге арналған Қор «Котопес»  
 Пирогова Анастасия, АлмаУ-дың 4 курс білімгері үйі жоқ 50 шақты ит пен мысықтарға үй табуға көмектесті.




**ҰОС ардагерлеріне арналған концерт, мамыр 2015**

Ұйымдастырушы: КИМЭП Университеті. Жумагулова Жанна, КИМЭП Университетінің 4 курс білімгері жеңістің 70 жылдығына арналған концерттің ұйымдастырылуына көмектесті. ҰОС 8 ардагері мен Афған соғысының 16 ардагері мерейтойдың бас қонақтары болды.




**ҰОС ардагерлеріне арналған концерт, мамыр 2015**

Ұйымдастырушылар: АлмаУ мен Қор стипендиаттарының Клубы  
 ҰОС ардагерлері, соғыс балалары мен тыл жұмысшылары жеңістің 70 жылдығына орай арналған концертті бақылап, әр қайсысы 100 доллар сомасындай материалды көмек алды.



**«Charity wish tree» қайырымдылық шарасы, желтоқсан 2015**

Ұйымдастырушы: АлмаУ-дың «ДОС» атты студенттер клубы. Магзимова Аружан, АлмаУ-дың 1 курс білімгері осы акцияны өткізуге көмектесті. Балалар үйлерінің, жағдайы төмен отбасылардың 1019 тәрбиеленушісі жаңа жылға орай 10 000 теңгедегі сыйлықтарға ие болды.



**«Полифония» атты екінші Халықаралық әдеби фестивалі, қазан 2015**

Ұйымдастырушы: Алматының ашық әдеби мектебі мен қала Әкіматы. Байгутанова Айдана «Мен – волонтер» еріктілер тобының ішінде болған. Осындай мәдени іс-шараға Жапония, Үндістан, Ресей, Өзбекістан, Беларус, Латвия мен Италия деген шет елдерден қонақтар келді. Фестиваль мақсаты кітап оқуды дәріптеу, қазақстандық кітап шығару саласын дамыту.



**Талапкерлерге ақпарат тарату, ақпан – сәуір 2015**

Ұйымдастырушы: Сулейман Демирель атындағы Университет. Еникеева Айсулу, СДУның 2 курс білімгері Университет пен Қор бөлетін гранттар жайында ақпарат таратуға көмектесті. Талдықорған, Тараз, Астана, Алматы, Петропавловск қалаларында орналасқан қазақ-түрік лицейлерінің 750 оқушысы және Сулейман Демирель атындағы колледж білімгерлері Қор гранттары туралы ақпарат алды.




## 6. Біздің жетістіктеріміз

Жоғары сапа стандарттарына сәйкес білімнен бөлек, Қордың әр серіктес университеті шетелдік университеттердің есігін студенттерді айырбастау бағдарламасы арқылы ашады. Шетелдік жоғары оқу орнында білім алу жердің басқа бұрышындағы мәдениеттік ерекшеліктерді, сондағы адамның күнделікті өмірі, жастардың құндылықтары мен қызығушылықтары жайлы біліп, өз танымының шегін кеңейтуге және жаңа дос табуға мүмкіндік береді. Әр сапар қалай болғанда да әр адамның жеке болмысына әсер етеді: топтаурындарды бұзып, дүниетанымын өзгертеді, қызығушылық шеңберін кеңейтіп, ойлау қабілетін ауқымды әрі икемді қылады, өз шараңнан тыс шығып, өз бетіңше шешім қабылдауға үйретеді.



Өткен жылы Алматы Менеджмент Университетінің екі студенті, Ержан Тәтішев Қорының атынан 2012 және 2014 жылдары гранттық көмек иегерлері болған Воронцов Альберт пен Кебекбаев Алзаир өз университеттерінде айырбастау бағдарламасына қатысып, іріктеуден өтті. Стипендиаттар Франция қалаларында бір оқу семестірін өткізіп, өзімен бірге көптеген әсер мен жаңа идеяларын алып келді.


Жастар оларды қабылдағандардың қонақжайлылығын мен ақкөңілділігін ерекше атады. Құрдастар және оқытушылармен жылы қарым-қатынастың құрылуына жалпы қазақстандық студенттер жайында қалған жағымды әсер елеулі рөл атқарды. Қор стипендиаттары, өз кезегінде, оқудан жақсы нәтижелер көрсетіп, студенттік іс-шараларда белсенді қатысып, еңбектеріне лайық айналаның құрметіне ие болды. Сапардың мәдениеттік бөлігі Францияның жүрегі, Париж қаласына сапарды да қамтыды. Жастар Эйфель мұнарасы, Шопеннің зираты, Салтанатты дарбаза, Лувр Париж Құдай-ана соборы, Сена өзенінің жағалауы мен осы арманшыл қаланың басқа да белгілі жерлеріне сапар жасады.



Бұл айырбастау бағдарламасына қатысты шығындарды студенттердің өздері өтесе де, стипендиаттардың пікірінше олардың жинақтаған тәжірбе мен білім болашақта маман болып қалыптасуына құнды үлес болмақ. Балалар үйінің түлегі болып табылатын Қор стипендиаты, Воронцов Альберт осы бағдарламаға қатысу үшін демеушілікті іздестірумен өз бетімен айналасқан.

Альбертті көктемгі семестірге қабылдаған университет Париж қаласынан 100 шақырым жерде орналасқан кішігірім Труа қаласында орналасқан еді. Ол испандықтар, қытайлықтар, француздар, ливандықтар, украиндықтар, орыстар, финндар сияқты алуан ұлтты студенттермен араласты, сондықтан оның топтағы жұмысы әрдайым қызықты өтетін. Альберт өзіне Еуропадағы өмір туралы көптеген мәдени жаңалықтарды ашып, Қазақстан туралы хабардар етіп, қалыптасқан қызық таптаурындарды бұзған. Оқыту барысы ол үшін көп қиындық туғызған жоқ, айырмашылық тек қолданылатын тәлімгерлік әдістерде еді – студенттер уақыттарының зор үлесін практикалық білім алуға арнайды. Францияда алған тәжірбе, Альбертті «Coca-Cola» компаниясының әлеуметтік жобалар байқауында жеңіске жетуге себеп болды. Компаниядан алынған 350 000 тенге гранттық қаражат Қазақстандағы дарынды балалардың сурет салу өнерін дамытуға арналған жобаға жұмсалмақ.

Кебекбаев Алзаир үшін «IESEG School of Management» университетінде интенсивті бағдарламасына қатысуы шетелде дәріс алу жағынан да, басқа мемлекетке саяхат жасау жағынан да тұсаукесері болды. Алзаир 2015 жылғы күзгі семестрді Францияның солтүстігінде орналасқан Лилль қаласында өткізді. Университетпен танысу оқу алдындағы бағдарлы аптадан басталған еді. «International club of IESEG», шетелдік студенттердің мекендеуіне жауапты халықаралық клубы әр студенттің артынан «buddy» деп атайтын жергілікті балалардың біреуін бекітіп, шетелдік студенттердің мекендеуін барынша жайлы етуге тырысты. Француздық студенттер бізге жылы шырайлы қарап, қолайлы ұялы байланыс операторын таңдауға, қала мен университеттің инфрақұрылымымен танысу сияқты ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге тырысты.



Серіктес университет ұсынған интенсивті бағдарлама курстары магистрант студенттерге арналған еді. Курстың басты айырмашылығы әр пәнді зерделеуге бір апта беріледі, студенттер болса бар күшін сол бір пәнге береді. Оқыту әдістеріндегі айтарлықтай айырмашылықтың барына қарамастан, Алзаир оны өз пайдасына асырды. Оның туған университетінде алған білімі мен дайындығы курсты қиналмай меңгеруге көмектесті. Оқу барысын жеңілдететін құралдың бірі – онлайн-платформа, яғни Жоғаы Оқу Орынының веб-сайты. Онда студенттер сабақ кестесін, үлгерімін қадағалап, электрондық пошта арқылы оқытушылар мен студенттермен еркін араласуына мүмкіндік береді. Платформадан өткен сабақтың материалдарын, ғылыми мақалалар мен студентке пайдалы мағлұматты табуға болады.

Жастар білім алу кезінде басты екпін теорияға емес, тәжірибелік жұмыстарда екендігін атап айтты. Студенттер топ ішінде орындаған тапсырмалар аясында түрлі идеялар, ой-пікірлер мен тәжірибе бөлісті. Небір компанияларға бару, сауалнама құрастыру, менеджерлерден сұхбат алу, кейстерді зерделеу сияқты тапсырмалар студенттерді шынайы жағдайға қойып, нақты уақыт ішінде дұрыс шешім қабылдауды талап етті. Өз білімдерін молайта отырып, стипендиаттар бірнеше еуропа тілін меңгерді, жер шарының түкпір-түкпірінен келген жастармен достасып, одан бетер кемелдене түсті.

## 7. Қаржылық есеп



### Мекен-жайымыз

**Адрес:** Қазақстан Республикасы, Алматы қ.-сы, 050026  
Байзақов к.-сі, 125 (Әйтеке би к.-сінің қиылысы),  
Бизнес Центр, 4 блок, 309-кеңсе

**Тел/Факс:** +7 (727) 390 26 07  
+7 (727) 391 07 18

**E-mail:** [foundation@tatishevfoundation.kz](mailto:foundation@tatishevfoundation.kz)

**Веб-сайт:** <http://tatishevfoundation.kz>